

Алматы хайуанаттар саябағы мен Параскева шіркеуінің қосалқы шаруашылығы аумақтарында карантиндік аймақтың ветеринарлық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 3 сәуірдегі N 3/220 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2009 жылғы 13 сәуірде N 814 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 18 мамырдағы № 4/324 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2009.05.18 № 4/324 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» № 339-ІІ Заңының 10 бабы 1 тармағының 2 тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Алматы қаласы бойынша аумақтық инспекциясы бастығының орынбасары К.Әлиевтің 2009 жылғы 26 наурыздағы № 02-16/367 ұсынысы негізінде, Алматы хайуанаттар саябағы аумағында және Параскева шіркеуінің қосалқы шаруашылығы аумағында жануарлардың қауіпті пастереллез ауруының таралу эпизоотикалық ошағын оқшаулау және жою мақсатында Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Алматы хайуанаттар саябағы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны аумағында мекенжайы: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Есенберлин көшесі, 166 және Параскева шіркеуінің қосалқы шаруашылығы аумағында мекенжайы: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Жансүгіров көшесі, 500 «в» карантиндік режим мен шектеу іс-шаралары енгізіліп, карантиндік аймақтың ветеринарлық режимі белгіленсін.

2. Алматы қаласы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының ауылшаруашылық бөлімі Алматы хайуанаттар саябағы мен Параскева шіркеуінің қосалқы шаруашылығы аумағында жануарлардың қауіпті пастереллез ауруының таралу эпизоотикалық ошағын оқшаулау және жою жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын жүргізсін.

3. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Алматы қаласы бойынша аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша), «Алматы қаласы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы», қаланың Медеу және Жетісу аудандарының әкімдіктері пастереллездің эпизоотикалық ошағын толығымен жою кезінде осы қаулының орындалғаны туралы қала әкімдігіне

а қ п а р а т

б е р с і н .

4. Осы қаулы Алматы қаласы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа е н г і з і л е д і .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е.Шормановқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

А.Есімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК